



АСТАНА

АҚШАМЫ

Қасиетті жерлерді түгендеді

Кеше ҚР Ұлттық музейінде Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша ІІ республикалық форум өтті. Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған шара шеңберінде «Рухани жаңғыру» атты көрме залы ашылып, «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары», «Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары» кітаптары мен «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясы І томының тұсауы кесілді.



Жалпыұлттық және өңірлік маңызы бар нысандар көрсетілген «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» атты, біріншісі виртуалды, екіншісі интерактивтік карталар таныстырылды.

Былтыр Қазақстанның киелі жерлерін анықтауға байланысты өткен ІІ республикалық форумда жобаның мақсат-міндеттерін, жоспарларын айқындап алған болатынбыз. Жоспарға сәйкес Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен біршама ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасын тиімді жүзеге асыру мақсатында арнайы жұмыс тобы және жобалау кеңсесі, ҚР Ұлттық музейі жанынан «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. «Қасиетті Қазақстан» орталығы жанынан ғылыми-сараптамалық кеңес жұмысын бастады. Кеңеске ғалымдар, тарихшылар, археологтар, қоғам қайраткерлері, өлкетанушылар тартылды» деді форумға арнайы қатысқан

Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қуатжан Уәлиев. «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлының айтуынша, тарихи нысандарды іріктеу барысында ғылыми тұжырымдармен қатар аңыз-әңгімелер де есепке алынды. Ал шарада тұсауы кесілген еңбектер былтыр Қазақстанның қасиетті нысандары бойынша жасалған республикалық этномәдени экспедициялар қорытындысы нәтижесінде жинақталған материалдар негізінде жазылды.

Форумда халықты, әсіресе, есігін айқара ашқан «Рухани жаңғыру» көрме залындағы заттар қызықтырды. Олардың арасында Кенесарының қылышы, Махамбеттің домбырасы, Амангелді Имановтың туы, Құнанбайдың қажылыққа киіп барған тақиясы, т.б. жақсыларымыздан қалған құнды жәдігерлер көпшіліктің назарына алғаш мәрте шығарылды. Бұған қоса, «Сақтар қазынасы» атауын иеленген ерекше қойма ашылып, онда сақ, сармат дәуіріне жататын жәдігерлердің түпнұсқалары көрсетілді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ